Мөрлі жүзіктердің қалыптасу тарихы терең. Ежелгі Мысыр елдерінде әр түрлі асыл тастармен әшекейлеп, қымбат бағалы металдардан құйып жасаған. Атақты патша ІІ Тутмос алтыннан жасалған жүзікті мөрінің бетінде иероглифтер таңбаланған. Онда Хуу патшаның үлкен пирамиданы салғызғаны және пирамиданы салған сәулетшінің есімі жазылған. Ерте мемлекеттерде мөрлі жүзіктің қайсысы болмасын патша салтанатына лайық етіп соғылған. Жүзіктердің қалқанында өрнектері және жазба белгілері көрсетілетін болған. Жүзікті мөрлер Ерте антикалық мемлекеттерде де кең қолданыста болған. Бізге жеткен тарихи деректер бойынша Ежелгі Рим билеушілерінің қолдарында бір емес бірнеше жүзікті мөрлер болған, бірі құжат үшін, бірі құпия хат үшін, әр түрлі қазыналарды сақтайтын қобдишаларға мөр соғу үшін қолданған (Янин, 1970: 55).

Ислам діні таралған кезеңге дейінгі тарихи мөрлердің бетіне құдайлар, жыртқыш аңдар, құстар, гүлдер сияқты тотемдік, фетиштік, космогониялық бейнелер салынатын. Көшпелі өркениеттің көсемдері жылқының, тау ешкінің, барыстың бейнесі бар мөрлерді пайдаланды (Янин, 1970: 42-43). Тотемдік, фетиштік мазмұндағы мөрлі жүзіктің жарқын дәлелі Есік қорғанынан табылған алтын киімді сақ жауынгерінің жүзігі саналады (Сурет 1ә).

Тұғырлы мөрлер тас, ағаш, металл және күйдірілген кірпіштен жасалды. Таңбалар басылған мөрдің көне үлгілері қола дәуіріндегі Беғазы-Дәндібай мәдениеті қазбаларынан табылған (Шәймерденов, 2001: 78-82). Археологиялық мөрлерде арыстан, барыс, бөрі, жылқы сияқты жан-жануарлар бейнесінің кездесуі байырғы тұрғындардың көне діни дүниетанымымен, исламға дейінгі көне діни реликтермен байланысты. Адамдар жыртқыш, жүйрік жануарлар бейнесін салу арқылы күш-қуат иесі атанды. Жапырақ бейнесі өсіп-өркендеу идеясымен байланысты (Сурет 1 е). Соңғы жылдарда Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойында орналасқан Ортағасырлық Күйіккескен қаласынан күйдірілген қыштан жасалған жапырақ бейнесі салынған тұғырлы мөр табылып, ол Қызылорда облысы тарихи-өлкетану музейі экспозициясына қойылған (Сурет 1г). Адам бейнесі бар, яғни портретті мөрлер сол елдің билеушісін, немесе мөр иесін білдірді (Сурет 1а, ә, в.). Крест таңбалы мөрлер байырғы тұрғындардың әлемнің төрт бұрышына ашықтығы туралы танымын білдірді. Крест таңбалы мөрдің ең көнелерінің бірі Алтын депеден табылған (Сурет 1б). Оның қолданыста болу және жасалу уақыты б.д.д. 2-ші мыңжылдыққа саяды (История Древнего Востока, 1988: 284).



Сурет 1. а, ә) Күйдірілген қыштан жасалған мөрлер. Тесікқала. Хорезм экспедициясы; б) Крест таңбалы мөр. Алтын Дөпе қонысы; в) Есік Алтын Адамның құс қауырсынды бас киімді адам бейнеленген портретті мөрлі жүзігі; г) Жапырақ бейнесі бар қыш мөр. Ортағасырлық Күйіккескен қалашығы; д) Араб графикалы жез мөрлі жүзік. Ортағасырлық Сарайшық қаласы

Ислам дінінің таралу кезеңінің алғашқы жылдарына саятын мөрлер қатарына Қожа Ахмет Ясауи мөрінің алатын орны ерекше. 1895 жылы Әбубәкір Диваев Қожа Ахмет Ясауидің мөрін тауып, ғылыми айналымға ендірген, сол арқылы «әулеттік эмблемаларды тұтыну салты алғаш Ресей жерінде пайда болды» деген пікірді теріске шығарды.

Ерте орта ғасырлық мемлекеттерде мөрдің қолданыс аясы туралы жазба деректер қатарын Абу-л-Фазл Байхаки (Абу-ль-Фадль Мухаммад ибн Хусейн аль-Байхаки, 995 жылы Байхакта туылған – 1077 жылы Газниде өлген) атпен танымал тәжік тарихшысы жазып қалдырған «*Та’рих-и Байхаки*» кітабы. Онда Масуд I сұлтанның (1030-1041) билік құрған жылдарындағы саяси оқиғалар бейнеленген. Бұл еңбекте Масуд сұлтан тарапынан берілген грамота, жарлықтардың әрқайсысын мөрмен бекіту арқылы растап отырғаны айтылған (Абу-л-Фазл Байхаки, 1969).

Қазақ хандығының билік басында болған хан, сұлтандардың мөрлерінің өрнектері мен порумы ислам діні қағидаттарына сай соғылды, яғни ислам дінінің қағидатына сай зергерге тапсырыс берілді. Яғни жиектері су өрнегімен, космогониялық, геометриялық ою-өрнектерімен, мөр бетіндегі қолтаңбаларымен ерекшеленеді.

КП 26358/1 нөмірлі мөрлі жүзік екі мүйіз оюдың қосарланған бейнесінде соғылып, араб графикалы «*Нышанбай йүз башы Мұхаммад Сабырбай оглы*» деген жазу жапырақты көгеріс өрнектерімен қатар үйлесімде түсірілген, ал екі шекесіне бесжұлдыз шекілген. (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының, 2017: Т. 4., 392).

Бүгінгі күнге сақталып жеткен мөрлі жүзіктердің саны некен-саяқ. Мөрлі жүзіктердің дипломатиялық маңыздылығын айғақтайтын жазба деректер – тарихи құжаттар, келіссөздер, хаттар. Абылай ханның жас кезінде иемденген мөрінде «Абылай бахадүр сұлтан» деген жазу болған. Халық Абылайды хан көтергенде, ол өзінің жаңа лауазымына лайық басқа мөр соқтыртқан. Уәли хан билік басына келгенде, әкесі Абылай ханның мөрін уақытша қолдануды жалғастырған.




а



ә

Сурет 2. а) Абылай сұлтанның мөрі (Абылай ханның жас кезінде қолданған мөрі);
ә) Абылай ханның (1771-1780) мөрі



Сурет 3. а) Абылай ханның Ресей патшасына жазған хатының соңғы беті. 1777 жыл (Омарханов, 2004: 43); ә) Уәли ханның Сібір корпусы генерал-поручигі Н.Г. Огаревке жазған хаты. Әкесі Абылай ханның мөрмен расталған. 22 мамыр 1788 жыл (Ерофеева, 2001).

Рулық таңбасы шекілген мөрді негізінен батырлар, билер, ру басылары өздеріне меншікті соқтырған мөрі болмаса, қандайда бір құжатқа қол қойған кезде, өз тектерінің тұсына рулық таңбасын басқан. Рулық таңбасы оның мөрінің қызметін қоса атқарған.

Мұрағаттарда сақталған тарихи дәуірлерге саятын келісім-шарттар, актілер, хаттар мемлекеттің және жеке адамдардың мөрлерімен бекітілген. Тарихи дәуірлерден сақталған құжаттардан мөрлердің қазақтың дәстүрлі билік жүйесінде атқаратын рөлі жоғары болғанын көреміз.

Хан, сұлтандар жазған дипломатиялық құжаттарға басылған мөрлер негізінен «құсмұрын» немесе «құстұмсық» жүзік түрінде күмістен соғылған, бірақ әшекей ретінде әйелдер тағатын құстұмсық жүзіктен айырмашылығы – бүйірі жалпақ келген. Мөрді басқанда тұмсығы жоғары қаратып түсіріп отырған. Ал, би, болыс, тархан, старшындар мөрлері дөңгелек, дөңес, төртбұрыш, тасты болып келген (Казанцев, 1867: 302). Мысалы, жаппас руының биі Тайпы Жаңбыршыұлының мөрі төрт бұрышты дөңестеліп біткен. Осындай төрт бұрышының ұшын дөңестеп өңдеген мөрлерді шекті руының биі Есет Көтібаров, Сырдария билері Есет Төлепов пен Сердалы Бекшорин, т.б. иемденген. Сырдария өңірі, Қыпшақ биі, хоружний Тұрсынбай Бүркітбаевтың мөрі дөңес (жұмыртқа формалы) болған (Дайрабай, 2014).

Жүзікті құсмұрын түрінде соғу қазақ халқының зергерлік өнерінде, халықтың білімінде құсты еркіндіктің символы ретінде танумен байланысты.

Қазақ тарихында тарихи дәуірлерден белгілі мөрлердің қатарында күмістен басқа, қалайы, ағаштан жасалған мөрлер де кездеседі. Қазақ хандығы дәуірінде және орыс отаршылдығы дәуірінде мөрлердің қолданыстық аясы кең болған. Мемлекет арасындағы келісім-шарттар, хаттар мөрлермен расталғанда ғана заңды саналды. Хатқа бірнеше адам қол қойғанда, мөрі жоқ рубасылар, батырлар өз руының таңбасын сызып түсіріп, тұсына атын жазды (Омарханов, 2004: 50-51, 212-213).

Хан, сұлтандардың мөрлері ою-өрнектерімен, мөр бетіндегі қолтаңбаларымен ерекшеленеді.





а



ә

Сурет 4. а) Барақ ханның (1749-1750) мөрі; ә) Әбілмәмбет ханның (1739 – шамамен 1771) мөрі (Ерофеева, 2001: 45, 40).



Сурет 5. Мөрлі жүзік таңбалары мен ру таңбалары басылған құжат. Шоң би Едігеұлы мен рубасылардың Ресей патшасына жазған хаты. 1835 жыл (Омарханов, 2004: 212-213).

Көне дәуірлердегі мөрлер, дөңгелек, доғал, төртбұрыш, қалқан, тамшы, яғни әр түрлі формада болды.

Ежелгі көшпелі қоғамда мөр қолданылғаны жайында жазба деректер баршылық. Далалық көшпелілердің, әсіресе көне түріктердің билік иелері қаған, йабғұ, шад, тархан, бек, әскери қолбасшылары мен батырлары арнайы мөр тұтынған. Ол мөрлер мемлекеттік істерде және ру-тайпалық, еларалық қарым-қатынастарда белгілі бір лауазымдық иелерінің куәлігі ретінде кеңінен қолданылды. Мысалы, көне түркі дәуіріне қатысты «Құтлұқ» деген лауазымдық атағы жазылған қола мөр табылған. Жазба деректерде кездесетін көне түрікше «тамға, тамғачы, алтын тамған тархан» деген сол мөр-таңбалардың көне аталымын, оның ресми түрде қолданылғанын, сол мөрлердің арнайы сақтаушысы болғандығын айғақтайды (Ерофеева, 2001: 19).

Мөрлер тарихи дәуірлерде билік басындағылардың куәландыру белгісі ретінде қызмет етсе, екінші жағынан зергерлік өнердің нақыштарын да паш етті. Тарихи мөрлерде ою-өрнектердің кездесуі – мемлекеттің ұлттық болмысын білдіретін белгі.

Мөрлі жүзіктің қасиеттенуі туралы аңыздар. Атақты тұлғалар ұстаған мөрлі жүзіктің сакральды, яғни қасиетке ие мәні болуы жайлы шығыс халықтары арасында түрлі тарихи аңыздар таралған. Аңыздың бірінде, Шыңғыс хан туғанда, қолына асыл тасынан жасалған мөрін уыстап жатқан екен (Шәймерденов, 2001: 78-82). Тағы бір аңыздың желісінде Сүлеймен пайғамбардың тылсым күшінің құпиясы қолындағы алты қырлы мөрлі жүзігімен байланысты болған. Сүлеймен пайғамбар жүзіктің көмегімен жан-жануар, жәндіктердің, табиғаттың тілін білген. Дауылды да бағындыра алатын қасиетке ие болған. Мөрлі жүзігі әрі тұмардың қызметін атқарған (Сулейман, URL).

Ибн Омар (р.а.) Мұхаммед Пайғамбардың мөрлі жүзігі хақында келесідей мәліметті жеткізген: «Алла Елшісі (с.ғ.с.) күмістен жүзік жасатып алды. Оны қолына тағып жүретін. Содан соң ол Әбу Бәкірдің қолында болды. Одан кейін Омардың қолында болды. Одан кейін Арис құдығына түсіп кеткенге дейін Османның қолында болды. Оның «Мұхаммед – Алланың елшісі» деген нақышы бар еді»; «Пайғамбар күміс жүзік алды. Ол оны мөрі ретінде пайдаланды және саусақтарына тақпады».

Анас ибн Мәлік сахаба Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қолданған мөрлі жүзік хақында келесідей естеліктер айтып жеткізген: «Пайғамбар жүзігі күмістен жасалған Эфиопия тасымен болатын»; «Пайғамбар жүзігі күміс еді. Тасы да күміс»; «Алла елшісі шетелдіктерге хат жазғанда олар мөрсіз қабылдамайтынын айтады. Ол сонда Яла ибн Умайға жүзікке тапсырыс берді»; «Алла елшісінің жүзігінде үш жол болды: бірінде – «Мұхаммед», бірінде – «Елші», бірінде – «Алла» сөздері жазылған»; «Алла елшісі Иран патшасы Кисрға, Византия императоры Кайсарға (Герациус) және Эфиопия королі Наджашиға (Негус) хат жазбақ болғанда олар мөрсіз қабылдамайтынын айтты. Сонда Алла елшісі күміс жиекті жүзік құюға бұйырды. Жүзікте «Мұхаммед – Алла елшісі» деген жазу болды»; «Пайғамбарымыз дәретханаға кірмес бұрын қолынан жүзікті шешетін»; Алла елшісі күміс жүзік алды. Бұл жүзік шынашағына тағылды. Кейін бұл жүзік Әбу Бәкірдің, одан кейін Омардың, одан кейін Арис құдығына түсіп кеткенше Османның шынашағында болды. Онда «Мұхаммед – Алланың елшісі» деген жазу ойып жазылған болатын» (Мұхаммед Пайғамбарымыз жүзік тақты ма?, URL)

Исламдық қағидат «Мұхаммед – Алланың елшісі» деген жазумен мөр соқтыртуға немесе жүзік бетіне жаздыруға тиым салады.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Нуман бин Бәширдің саусағындағы алтын жүзікті көргенде «Жәннатқа кірмей тұрып неліктен жәннат әшекейін қолдандың?», – деп сұраған екен. Сосын ол темірден жүзік соқтырып таққан. Мұны көрген пайғамбарымыз: «Неліктен тозақтың затын тасып жүрсің?» – деп сұрапты. Сосын оны да шешіп тастап, қола жүзік тағыпты. Мұны көргенде: «Неліктен сенен пұттың иісін сезіп тұрмын?», – депті. Сосын ол пайғамбарымыздан: «Қандай жүзік тағайын, Йа, Алланың Елшісі?», – деп сұраған. Сонда пайғамбарымыз «Күміс жүзік тағуыңа болады. Салмағы бір мисқалдан (4.8 гр) аспасын және оң қолыңа тақ!» – деп жауап берген екен (Мәуаһиб-и ләдунийя) (Шариғаттағы жүзік тағу хикметі, URL).

Тарихи дәуірлерде қолданыста болған мөрлі жүзіктердің негізгі денінің, әсіресе хан, сұлтандар мөрлерінің күмістен соғылуы исламдық қағидатпен, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мөрлі жүзікті күмістен соқтыруымен байланысты екені айғақ.

Мөр, мөрлі жүзік туралы аңыздардың желісі байырғы исламға дейінгі діни реликтер мен исламмен байланысты аңыздар желісімен астасып жатады. Мөрлі жүзіктің тұмар ретінде қызмет етуін мөрлерге Құран сөзінің жазылуы, аспан әлемі денелері ай, күн, жұлдыз бейнесінің салынуы, оның иесіне ерекше, қасиетті бұйым екенін айғақтайды.

Мөрлі жүзік таңбасының ізі немесе мөр басатын бояу. Мөрдің қай түрі болмасын, тарихи дәуірлерде оны құжатқа басып, бедерін түсіру үшін бояу сүргішті қолдан жасаған. Қазақ даласында бояуды алудың бірнеше жолдары қалыптасты. Мата, жүн, ағашты бояу үшін табиғи шөп сығындыларын пайдаланса, мөр үшін бидай, тарыны қазанға қатты күйдіріп қуырып, келіге түйіп, күйесін алған. Сауда саттық арқылы келген дайын табиғи бояуларда қолданылған. Ауызша жеткен деректер бойынша жергілікті билік өкілдері арнайы бояу болмай қалғанда жүзікті қара түтінде ыстап, бетін күйе жапқанда қағазға басқан (Сурет 6). Ерте түркілер мөр басуға «лав» деп аталған балауызды қолданған (Махмұд Қашқари, 1997: Т. 1: 2016)




Сурет 6. Мөрлі жүзіктің қағазға басқан бедері (Омарханов, 2004).

Ішкі Орда (Бөкей Ордасы) хандары мөрлерінің реконструкциясы. Біз осы жылы Қазақ хандығы тарихындағы соңғы хандық Ішкі Орда (Бөкей Ордасы) хандығында билік құрған Бөкей сұлтанның 1812 жылға дейін қолданған мөрін, Бөкей ханның 1812-1815 жылдары қолданған мөрін, Шығай сұлтанның 1812-1824 жылдары қолданған мөрін, Жәңгір ханның 1823-1845 жылдары қолданған мөрін қайта қалпына келтірдік.

Бұл реконструкциялық мөрлер қазіргі Батыс Қазақстан облыстық Хан Ордасы тарихи-мәдени, архитектуралық-этнографиялық музей-қорығы қорына табысталды. Хан мөрлері басқа билік атрибуттары Хан көтерген ақ киіз, Хан тағы, Ханның асатаяғы, Хан байрағы сияқты түпнұсқасы сақталмаған мұралар қатарына жатады. Хандық мөрді қайта соғу – аса жауапкершілікті, алдын ала ғылыми-шығармашылық әзірлікті талап ететін іс.


Хан мөрлерін қайта қалпына келтіру үшін мөрлер басылған архив құжаттары, археологиялық қазбалардан табылған мөрлер мен бұған дейінгі қайта соғылған, на қойылған Абылай хан мөрі (ҚРММ Этнография залы экспозициясы), Әбілқайыр хан мөрі (Ақтөбе тарихи-өлкетану музейі экспозициясы) қайта зерделенді.



Сурет 7. Бөкей сұлтан мөрі басылған құжат бөлігі. 1800 жыл 27 мамырда Кіші Жүз хандық кеңесінің Орынбор шекара комиссиясына жолдаған мәліметі. Құжатта Бөкей сұлтан мөрімен қатар рубасылар Сұлтанбек, Шақшақ, Күшікбай, Бітік мырзалардың мөрлері басылған. ҚРОММ. Қор 4, тізбе 1, іс 194, 47 парақтың арты.



Сурет 8. Жәңгір хан мөрі басылған құжат бөлігі. ҚРОММ. Қор 4, тізбе 1, іс 1965, п 18 аб.



Сурет 9. Жәңгір хан мөрі басылған құжат бөлігі. ҚРОММ. Қор 4, тізбе 1, іс 1974, п 328 аб.



Сурет 10. Жәңгір хан мөрі басылған құжат бөлігі. ҚРОММ. Қор 4, тізбе 1, іс 1974, п 217 аб.

Бөкей хан 1912 жылға дейін сұлтан кезінде қолданған мөрінің қорғанына шексіздік өрнегі салынған (Сурет 11а). Бөкей сұлтан хандық таққа отырған соң сұлтандық мөрін жойып, хандық мөрінің қорғанына жапырағын жайған бұтақ бейнесіндегі, өсіп-өркендеу идеясын беретін көгеріс өрнегін алған (Сурет 11ә).


Шығай сұлтан Ресей патшасы тарапынан ресми хан титулын алмағанымен халық оны хан санаған. Бөкей Ордасына билік еткен жылдарында қолданған мөрінің қорғанында аспан әлемі денелерінен жұлдыз өрнегі салынған. Жұлдыз әрі ислам дінінің символы іспетті, әрі шарықтау, алға ұмтылу, биіктеу, өсу идеясын білдірген (Сурет 11б).

Жәңгір хан хандық билікке келген соң соқтырған мөрінің жиегіне, яғни қорғанына айнала өсіп келе жатқан немесе бүршік атқан жас шыбықты бейнелеген (Сурет 11в). Яғни, хан, сұлтандар мөрлері бір бірінен ою-өрнектері арқылы ерекшеленген. Бөкей Ордасы билеушілерінің мөрлерінің айырмашылығын, мөр қорғандарының төмендегі компьютерлік графикалық сызбалары айғақтайды (Сурет 11).



Сурет 11. Қайта қалпына келтірілген мөрлер: а) Бөкей ханның сұлтан кезінде қолданған мөр мен мөр қорғанының графикасы); ә) Бөкей ханның мөрі мен мөр қорғанының графикасы. Жазуы: Бөкей хан ибн Нұралы хан; б) Шығай сұлтанның мөрі мен мөр қорғанының графикасы. Жазуы: Шығай сұлтан бин Нұралы хан; в) Жәңгір ханның мөрі мен мөр қорғанының графикасы. Жазуы: Жаһангер хан ибн Бөкей хан

Жәңгір хан өмірінің соңғы жылдары мөр ортасындағы жазуды толығымен қалдырып, бүршікті жапырақ жайған өрнекке ауыстырған, әрі көлемін ұлғайтып, қайта мөр соқтырған. Ол жаңа мөрге өркендеу идеясының символы саналған өсімдік өрнектерін шектіру арқылы Бөкей Ордасындағы мемлекеттіліктің дамуын сипаттаған (Сурет 12-13). Ою-өрнектер тарихи дәуірлерде өрнекті салған немесе тапсырыс берген адамның ойын, мақсатын білдірген.



Сурет 12. 1845 жылы 28 шілдеде Жәңгір ханның ноғай тайпасының молдасы жазған Сарлыбай Жәнібекұлына жазған хатында басылған жаңа мөрі. ҚРОММ. И - 4 қор, 1 тізбе, 5433 іс, 60 бет.




а



ә

Сурет 13. а) Жәңгір ханның өмірінің соңғы жылындағы, 1845 жылғы жаңа мөрі басылған құжат фрагменті; ә) Жәңгір ханның жаңа мөрі қорғанының компьютерлік графикасы

Жәңгір хан билік құрғанда, Ішкі Орданың канцелярлық құжаттық қағазы болған, әрі өзі құжатқа қол қойып отырған. Сол себепті мөр басуды сирек қолданған. Қол қойылған құжаттарда қол мөр басуды ауыстырған (Сурет 14).



Сурет 14. Жәңгір ханның қолтаңбасы


Хан, сұлтандардың мөрлері бір-бірінен қорғанындағы өрнегі және жазуымен ерекшеленеді. Хан, сұлтандардың жүзікті мөрінің бейнесі, әскер байрағы басына қондырылған байрақ басының бейнесіне сәйкес келген. Байрақ басы да, мөр де – билік атрибуты. Екі билік атрибутының да басының жоғары қарай сүйір болып келуі, билік атрибутының дәстүрлі ортада танылған жүйесі болғанын дәлелдейді.

Нәтижелер

Мөрлі жүзіктер реконструкциясы зергерлік өнерде ертеден келе жатқан, күміс бетіне күміс қондыру, күміс ою, күміс қарайту әдістерімен жасалынды. Мөрлі жүзікті жасауда компьютерлік технология да қолданылды. Яғни архивтік құжаттағы мөр бейнесі алынып, баспалық тәсілмен дәлме-дәл репродукциясы жасалынды. Баспалық репродукция негізіндегі қағаз бейнесі күміс пластинаға жапсырылып, ол арнайы құралмен ойылды.



Сурет 15. Мөр бедерін қағазға түсіріп, оны күміс бетіне жапсырып, күміске оюдың немесе мөр жазуының дәлме дәл белгісін түсіру: а – Бөкей сұлтан мөрі; ә – Бөкей хан мөрі; б – Шығай сұлтан мөрі.



Сурет 16. а) мөрлі жүзік бетінің бірінші қабатын ою; б) мөрлі жүзіктің үстіңгі беті мен оның екінші пластинка қабатын күміс бетіне күмісті отпен қыздырып қондыру технологиясы арқылы орнату.



Сурет 17. Мөрлі жүзіктің бауырын қондыру.

Архив пен музейлердің фотоқорларында сақталған суреттердің барлығында дерлік лауазымды тұлғалардың мөрлі жүзік тағып тұрғаны көрінбейді. Санкт-Петербургтегі Антропология және этнография музейінде (Кунсткамера) сақталған Вишневский түсірген «Киргизский хан с женой» деп аталатын фотосурет Жәңгір ханның әйелі Фатимамен түскен суреті деп танылған. Сурет 1845 жылға дейінгі уақытта Астраханьда түсірілген (МАЭ. Колл. №1159-34). Суретте Жәңгір хан хан салтанатына сай киінген, бірақ саусағында мөрлі жүзік жоқ (Сурет 18).



Сурет 18. Санкт-Петербургтегі Антропология және этнография музейінде (Кунскамера) сақталған Вишневский түсірген Жәңгір хан мен әйелі Фатиманың суреті. Сурет 1845 жылға дейінгі уақытта Астраханьда түсірілген (МАЭ. Колл. №1159-34) (Прищепова, 2011).


Алдын-ала зерттеу барысында билік өкілдері түскен тарихи басқа да фотодеректерді компьютерлік бақылау барысында да қолдарында мөрлі жүзік байқалмады, осыған қарап мөрлі жүзікті тек құжатты растау, жарлық, келіссөздерді бекіту кезінде таққан және мемлекеттік маңызы бар нысан болған соң арнайы бөлек ұстаған деп топшылауға болады. Жүзіктерді ағаш немесе күмістен соққан арнайы қобдишада сақтаған болуы керек. Сондай-ақ, қобдишада мөрді басарда қағазға суреті түсетін бояу қабаты да сақталуы мүмкін. Сол себепті мөр қорабы да қайта қалпына келтіріліп, қарағаштан ойылып, антик қалпына келтіру үшін ағаш ұқсату қолөнерінде қолданылатын әдіспен қатты қыздырылған майға қуырылды (Сурет 19).



Сурет 19. Қайта қалпына келтірілген хандық мөрлер қорабымен

Хан, сұлтандардың жүзікті мөрінің қалыбы, яғни бейнесі, әскер байрағы басына қондырылған байрақ басының бейнесіне сәйкес келген. Байрақ басы да, мөр де билік атрибуты. Екі билік атрибутының да басының жоғары қарай сүйір болып келуі, билік атрибутының дәстүрлі ортада танылған жүйесі болғанын дәлелдейді. Жоғары қарай сүйір біткен байрақ бастары үлгілерін ҚР Мемлекеттік Орталық музейі, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Ыстамбұлдағы Топкапы музейі экспозициясынан көруге болады. Байрақ бастарында Қасиетті Құраннан аяттар жазылған.

Жетісу облыстық тарихи-өлкетану музейінде ХІХ ғасырдың екінші жартысына саятын билер ұстаған қыш тұғырлы мөрлер сақталған. Анадолы мәдениеттер музейінде экспозицияланған қыш тұғырлы мөрлердің ерекше үлгілері шығыс елдері мәдениетінде мөр жасау технологиясының ортақтығын аңғартады (Сурет 20-21).



Сурет 20. Билер қолданған, тұғырлы мөрлер. Жетісу облысы тарихи-өлкетану музейі.



Сурет 21. Анадолы мәдениеттер музейіндегі тұғырлы мөрлер экспозициясы. Анкара, Түркия.

Қорытынды

Мөр – мемлекеттіліктің тарихын айғақтайтын, хандардың жарлығын, қатынас хаттарын шынайылығын дәлелдейтін маңызды фактор. Мөрлер тарихи дәуірлерде билік басындағылардың куәландыру белгісі ретінде қызмет етсе, екінші жағынан зергерлік өнердің нақыштарын да паш етті. Тарихи мөрлерде ою-өрнектердің кездесуі – мемлекеттің ұлттық болмысын білдіретін белгі. Атаулы мөрлер мемлекет, қоғам және ғылым үшін реликвия болып саналады. Түпнұсқасы сақталмаған билік мөрлерінің маңызын анықтауда мұрағаттарда сақталған тарихи дәуірлерге саятын келісім-шарттар, актілер, хаттардағы хан, сұлтандар қолын айғақтайтын мөр бейнелерінің маңызы зор. Архивтік құжаттар хан, сұлтандарға тиесілі мөрлердің құсмұрын типтес болғанын, ал би, батыр, старшындар мөрлерінің еркін формада болғанын айғақтайды. Хан мөрлерінің түрнұсқасын табу ғылымда әзіргі түйіні шешілмеген ашық мәселе.

Әдебиет

Абу-л-Фазл Байхаки, 1969. История Масуда (1030-1041). Перевод с персидского. Введение, комментарий и приложения А.К. Арендса. 2-ое дополненное. Москва. 1009 с.

Арғынбаев Х., 1987. Қазақ халқының қолөнері: Ғылыми-зерттеу еңбек. Алматы: «Өнер» баспасы. 128 б.

Дайрабай Т., 2014. Ақ патшаның сарайында болған ақсақалдар, қазақ депутациясы жөнінде бірер сөз. Түркістан газеті, 25 желтоқсан.

Джанибеков У., 1982. Культура казахского ремесла. Алма-Ата: Өнер. 144 с.

Ерофеева И.В., 2001. Символы казахской государственности (позднее средневековье и новое время). Алматы: ИД «Аркаим». 152 с.

История Древнего Востока. Учебник. 1988. Под ред. В.И. Кузищина. 2-е изд. Москва. 623 с.

Казанцев И., 1867. Описание Киргиз-Кайсак. Санкт Петербург: Типография Товарищества «Общественная польза» по Мойке, №5. 231 с.

Какабаев Б.С., 2004. Должностной знак народного судьи в дореволюционном Казахстане. Труды Центрального музея. Алматы: Ғылым. Б. 364-368.

Картаева Т., Даубаев Е., 2019. Мөр және мөрлі жүзіктің тарихи реконструкциясы. Алматы: Қазақ университеті. 65 б.

Коробейников А.В., 2005. Историческая реконструкция по данным археологии. Ижевск. 180 с. + илл.

Қазақ эпосы. 1982. Алматы: Ғылым. 227 б.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 2017. Энциклопедия. 4-том. Алматы: Әлем даму интеграция. 845 б.

ҚРМОМ археологиялық коллекциясы: сақтар мен үйсіндер мәдениеті. 2011. Ғылыми каталог. Алматы: Өнер. 319 б.

Мартынов А.И., Шер Я.А., 2002. Методы археологического исследования. Москва. 240 с.

Масанов Э.А., 1961. Кузнечное и ювелирное ремесло в казахском ауле. Алма-Ата. 200 с.

Махмұд Қашқари, 1997. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік). 3 томдық. Алматы: Хант.

Мұхаммед Пайғамбарымыз жүзік тақты ма? \ <http://www.ihsan.kz/kk/articles/view/1334> (Қаралған күні: 10.11.2019).

Омарханов Қ., 2004. Қазақ елінің дәстүрлі құқығы. Астана: Елорда. 280 б.

Прищепова В.А., 2011. Иллюстративные коллекции по народам Центральной Азии второй половины XIX – начало XX века в собраниях Кунсткамеры. СПб.: Наука. 452 с. + Ил.

Сулейман // Мифы народов мира. Энциклопедия. https://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Mifologia/2286.php. (Қаралған күні: 15.04.2019).

Шаймерденов Е.Ш., 2001. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері. Алматы: Жеті жарғы. 248 б.

Шарифаттағы жүзік тағу хикметі / <http://mazhab.kz/kk/suraqtar/arturli/sharigattagy-juziktagu-hikmeti-128/> (Қаралған күні: 10.11.2019).

Шойбеков Р.Н., 1991. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым. 88 б.

Янин В.Л., 1970. Актовые печати Древней Руси X-XV вв. Т. 1. Печати X – начала XIII в. Москва: Наука. 326 с.

Babayarov G., Asanov E., 2020. Coins of Tokharistan with old Turkic titles // Turkic Studies Journal, No 3, Volume 2. P. 6-26.

Reference

Abu-l-Fazl Baihaki, 1969. Istoriya Masuda (1030-1041). [History of Masud (1030-1041)]. Perevod s persidskogo. Vvedenie, kommentarii i prilozheniya A.K. Arends. 2-oe dopolnennoe. Moscow. [in Russian].

Argynbaev H., 1987. Kazak halkynyn koloneri [Crafts of the Kazakh people: Research work]. Gylymi-zertteu enbek. Almaty: «Oner» baspasy. 128 p. [in Kazakh].

Dairabai T., 2014. Ak patshany saraiynda bolgan aksakaldar, kazak deputaciyasy zhoninde birer soz [Several of the Kazakh deputations were at the king's reception]. Turkistan gazet, 25 zheltoksan. [in Kazakh].

Dzhanibekov U., 1982. Kul'tura kazahskogo remesla [Kazakh craft culture]. Alma-Ata: Oner. 144 p. [in Russian].

Erofeeva I.V., 2001. Simvoly kazahskoi gosudarstvennosti (pozdnee srednevekov'e i novoe vremya) [Symbols of Kazakh statehood (late Middle Ages and modern times)]. Almaty: ID «Arkaim». 152 p. [in Russian].

Istoriya Drevnego Vostoka. Uchebnik, 1988. [History of the Ancient East. Textbook.]. Pod red. V.I. Kuzishhina. 2-e izd. Moscow. [in Russian].

Kazancev I., 1867. Opisanie Kirgiz-Kaisak [Description of Kirghiz-Kaisak]. Saint-Petersburg: Tipografija Tovarishhestva «Obshhestvennaja pol'za» po Moike, №5. [in Russian].

Kakabaev B.S., 2004. Dolzhnostnoi znak narodnogo sud'i v dorevoljucionnom Kazahstane [Official badge of a people's judge in pre-revolutionary Kazakhstan]. Trudy Central'nogo muzeya. Almaty: «Gylym». P. 364-368. [in Russian].

Kartaeva T., Daubaev E., 2019. Mor zhane morli zhuziktin tarihi rekonstrukciyasi [Seals and reconstruction of seals]. Almaty: Kazak universiteti. 65 p. [in Kazakh].

Korobeinikov A.V., 2005. Istoricheskaya rekonstrukciya po dannym arheologii [Historical reconstruction according to archeology]. Izhevsk. 180 p. + ill. [in Russian].

Kazak eposy, 1982. [Kazakh epic]. Almaty: Gylym. 227 p. [in Kazakh].

Kazaktyn etnografiyalyk kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhuyesi [Traditional system of ethnographic categories, concepts and names of Kazakhs. Volume 4]. 2017. Jenciklopediya. 4-tom. Almaty: Alem Damu integrasiya. 845 p. [in Kazakh].

KRMOM arheologiyalyk kollekciasy: saktar men uisinder madenieti. Gylymi katalog [Archeological collection of the State Central Museum: culture of Sakas and Uysin. Scientific catalog], 2011. Almaty: Oner. 319 p. [in Kazakh].

Martynov A.I., Sher Ja.A., 2002. Metody arheologicheskogo issledovaniya [Methods of archaeological research]. Moscow. 240 p. [in Russian].

Masanov Je.A., 1961. Kuznechnoe i juvelirnoe remeslo v kazahskom aule [Blacksmith and jewelry craft in the Kazakh village]. Alma-Ata. 200 p. [in Russian].

Mahmud Kashkari, 1997. Turik tilinin sozdigi (Diواني lugat-it-turik) [Dictionary of the Turkish language]. 3 tom dyk. Almaty: Hant. [in Kazakh].

Muhammed Paigambarymyz zhuzik takty ma? [Did Muhammad Paygambar wear the ring?]. <http://www.ihsan.kz/kk/articles/view/1334> (Accepted at: 10.11.2019). [in Kazakh].

Omarhanov K., 2004. Kazak elinin dasturli kukugy [Traditional law of the Kazakh people]. Astana: Elorda. 280 p. [in Kazakh].

Prishhepova V.A., 2011. Illyustrativnye kollektsii po narodam Central'noi Azii vtoroi poloviny XIX nachalo XX veka v sobraniyah Kunstkamery [Illustrative collections on the peoples of Central Asia in the second half of the 19th – early 20th centuries in the collections of the Kunstkamera]. Saint-Petersburg: Nauka. 452 p. [in Russian].

Suleiman. Mify narodov mira. Enciklopediya. [Myths of the peoples of the world]. URL - https://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Mifologia/2286.php. (Accepted at: 15.04.2019). [in Russian].

Shaimerdenov E.Sh., 2001. Kazakstan Respublikasynyn memleketik ramizderi. [State symbols of the Republic of Kazakhstan]. Almaty: Zheti zhargy. 248 p. [in Kazakh].

Sharigattagy zhuzik tagu hikmeti [Rules for wearing rings in Sharia]. URL – <http://mazhab.kz/kk/suraqtar/arturli/sharigattagy-juzik-tagu-hikmeti-128/> (Accepted at: 10.11.2019). [in Kazakh].

Shoibekov R.N., 1991. Kazak zergerlik onerinin sozdigi. [Dictionary of Kazakh jewelry art]. Almaty: Gylym. 88 p. [in Kazakh].

Janin V.L., 1970. Aktovye pečati Drevnei Rusi X-XV vv. Tom 1. Peçati X – nachala XIII v. [Assembly seals of Ancient Rus' X-XV centuries. Volume 1]. Moscow: Nauka. 326 p. [in Russian].

Babayarov G., Asanov E., 2020. Coins of Tokharistan with old Turkic titles. Turkic Studies Journal, No 3, Volume 2. P. 6-26.

***T. Kartaeva**

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

(E-mail: kartaeva07@mail.ru)

**Corresponding author: kartaeva07@mail.ru*

E. Daubaev

T. Zhurgenov National Academy of Arts, Almaty, Republic of Kazakhstan

(E-mail: yestay1@mail.ru)

E. Altynbekova

Ostrov Krym Research and Restoration laboratory, Almaty, Republic of Kazakhstan

(E-mail: elina.altyn@gmail.com)

Reconstruction of the seals of the khans of the Inner Horde (Bukey Horde): identification of symbols and attributes of seals

Abstract. The seals used by the authorities in the history of Kazakhstan before the twentieth century can be grouped and systematized as follows: seals with archeographic symbols; seals with patterns,

pictorial signs; seals with a portrait image; coat of arms seals; seals with stamps without the name of the owner; stamps with the name of the owner; relief seals without the name of the owner; relief seals with the name of the owner.

Although Kazakh khans and sultans stamped their seals in the form of rings, they did not wear them on their hands every day, and when certifying documents, the pedestal was worn on the finger in the «aynateris» way, i.e. with a pointed head up (a bird's nose is negative when wearing a «kusmuryн» ring) or certified with holding the pedestal in the hand. But judges, rich people, volost governors, tarkhans, batyrs and elders had round, convex, square or stone seals.

The shape, that is the image of the ring seal of the Khans and sultans, corresponded to the image of the top of the military banners. The pommel of the banner and the seal are the attribute of power. The fact that the head part of both attributes of power is directed upwards proves that they were generally recognized in the traditional environment.

The originals (originals) of the seals of the Kazakh Khans and sultans have not been preserved under the influence of colonization. The authors share their experience in reconstructing the seal and revealing the mystery of the symbols on the front of the seal.

Keywords: Inner Horde, types of seals, seals of Khans, reconstruction, attribute of power, symbol, ornament, pedestal of stamps, traditional center.

***Т. Картаева**

*Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Республика Казахстан
(E-mail: kartaeva07@mail.ru)*

**Автор для корреспонденции: kartaeva07@mail.ru*

Е. Даубаев

*Национальная Академия искусств имени Т.Жургенова, Алматы, Республика Казахстан
(E-mail: yestay1@mail.ru)*

Э. Алтынбекова

*Научно-реставрационная лаборатория «Остров Крым», Алматы, Республика Казахстан
(E-mail: elina.altyn@gmail.com)*

Реконструкция печатей ханов Внутренней Орды (Букейской Орды): определение символов и атрибутов печатей

Аннотация. Печати, которые были в употреблении власти в истории Казахстана до XX века, можно сгруппировать и систематизировать следующим образом: печати с археографическими символами; печати с узорами, изобразительные знаки; печати с портретным изображением; печати с гербом; печати с клеймами без имени владельца; штампы с именем владельца; рельефные печати без имени владельца; рельефные печати с именем владельца.

Хотя казахские ханы и султаны штамповали свои печати в виде перстней, но они не носили их на руках каждый день, а при удостоверении документов пьедестал носили на пальце

способом «айнатеріс» т.е. заостренной головкой вверх (птичий нос отрицателен при ношении кольца «құсмұрын») или удостоверяли с удерживанием пьедестала в руке. Бии, бай, волостные управители, тарханы, батыры и старейшины имели круглые, выпуклые, квадратные или каменные печати.

Форма, то есть изображение кольцевой печати ханов, султанов, соответствовала изображению наверхшия войсковых знамен. Наверхшие знамени и печать являются атрибутом власти. Тот факт, что головная часть обоих атрибутов власти направлена вверх, доказывает, что они были общепризнанными в традиционной среде.

Подлинники (оригиналы) печатей казахских ханов и султанов не сохранились под влиянием колонизации. Авторы делятся своим опытом реконструкции печати и раскрытия тайны символов на лицевой части печати.

Ключевые слова: Внутренняя Орда, виды печати, печати ханов, реконструкция, атрибут власти, символ, орнамент, пьедестал печати, традиционная среда.

Авторлар туралы мәлімет:

Картаева Тәттігүл, тарих ғылымдарының кандидаты, археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Әл-Фараби даңғылы, 71, Алматы, Қазақстан Республикасы.

<https://orcid.org/0000-0001-6180-4107>

Даубаев Естай, профессор, Темірбек Жүргенов атындағы Өнер Академиясы, Панфилов көшесі, 127, Алматы, Қазақстан Республикасы.

<https://orcid.org/0000-0002-0045-3398>

Алтынбекова Элина, «Остров Крым» (Қырым аралы) ғылыми-реставрациялық лабораториясының реставраторы, Венецианов к-сі, 6/5, Алматы, Қазақстан Республикасы.

<https://orcid.org/0000-0002-0572-5591>

Information about authors:

Kartaeva Tattigul, Candidate of Historical Sciences, Professor of the Department of Archeology, Ethnology and Museology, Al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi ave., Almaty, Republic of Kazakhstan.

<https://orcid.org/0000-0001-6180-4107>

Daubaev Yestay, Professor, Temirbek Zhurgenov National Academy of Arts, 127 Panfilov str., Almaty, Republic of Kazakhstan.

<https://orcid.org/0000-0002-0045-3398>

Altynbekova Elina, Restorer of the Ostrov Krym Research and Restoration Laboratory, 6/5 Venezianov str., Almaty, Republic of Kazakhstan.

<https://orcid.org/0000-0002-0572-5591>

Сведения об авторах:

Картаева Таттигул, кандидат исторических наук, профессор кафедры археологии, этнологии и музеологии, КазНУ имени аль-Фараби, проспект аль-Фараби, 71, Алматы, Республика Казахстан.

<https://orcid.org/0000-0001-6180-4107>

Даубаев Естай, профессор, Национальная Академия искусств имени Темирбека Жургенова, ул.Панфилова, 127, Алматы, Республика Казахстан.

<https://orcid.org/0000-0002-0045-3398>

Алтынбекова Элина, реставратор, научно-реставрационная лаборатория «Остров Крым», ул. Венецианова, 6/5, Алматы, Республика Казахстан.

<https://orcid.org/0000-0002-0572-5591>



ҚАЗАҚТАРДЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН ӨНЕРІ /
CULTURE AND ART OF THE KAZAKHS / КУЛЬТУРА И ИСКУССТВО КАЗАХОВ

**Semantics of fire and its derivatives in the ritual practice of Kazakhs:
traditions and modernity¹**

***D.K. Saikeneva^a, A.I. Ibragimov^b**

^a*Ablay Khan Kazakh University of International Relations and World Languages, Almaty, Republic of Kazakhstan
(e-mail: saiken.eva.d@gmail.com). *Corresponding author: (e-mail: saiken.eva.d@gmail.com)*

^b*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan
(e-mail: aman.07@inbox.ru)*

ARTICLE INFO

ABSTRACT

Keywords:
fire, soot, ash,
Turks, rituals,
ethnographic
research,
purification, hearth,
symbol, axis mundi.

IRSTI 03.61.91

DOI: [http://doi.org/
10.32523/2664-
5157-2023-2-93-107](http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-2-93-107)

Fire and its derivatives (soot and ash) played an essential role in the traditional culture of the Kazakhs, whose relics are revered to this day. This article examines traditional Kazakh ideas of fire, soot, and ash, their functions and roles in ritual practice, as well as the symbolic content of these elements. Fire, as one of the elements of nature, becomes the mediator that “cultivated” man and became one of the archaic universals of culture. Being one of the most archaic elements of culture, fire is part of the cultural code. Using a functional approach, the authors of the article identify the practical functions of fire, which form the basis of the symbolic content in the ritual practice of the Kazakh people. Using the semantic method and cross-cultural analysis, the authors identify the symbolic content of fire. At the same time, this study is characterized by the collection and analysis of a wide range of materials (macro approach) from the cultures of Turkic and other peoples, which makes it possible to identify the main elements of these practices and their variants (types) in the global cultural space.

Received 30 January 2023. Revised 05 January 2023. Accepted 26 May 2023. Available online 30 June 2023.



For citation:

D.K. Saikeneva, A.I. Ibragimov Semantics of fire and its derivatives in the ritual practice of Kazakhs: traditions and modernity // Turkic Studies Journal. – 2023. – Vol. 5. – No 2. – P. 93-107. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-2-93-107>

¹The article is prepared as part of a research project on grant AP09259280 «Languages of Kazakh culture as the basis of ethnic identity: semiotics and semantics» (2021-2023) (Committee of Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan)

Introduction

Fire is one of the most archaic elements of nature that has been involved in the “cultivation” of man. Its physical properties of warming, burning and glowing were not only used in daily life, but also found their place in the ritual practises of many peoples. In the traditional culture of the Kazakh people, fire plays a central role in daily life and ritual acts. Relics of ancient beliefs associated with the purifying and protective function of fire are still preserved and practised. It is perceived as the embodiment of the sun on earth. At the semantic level, it is associated with the struggle of good against evil.

In the ritual practice of the Kazakh people, fire and its derivatives have a wide range of application and an ancient tradition. In Kazakh culture, the image of fire is common in the form of a family hearth and a ritual purification fire. And these two images are related to ancient representations of Turkic and Indo-Iranian tribes.

The use of cultural codes in rituals and everyday life was the primary method of transferring knowledge from generation to generation, encoded information, especially that from earlier times, in our case, fire and its derivatives are among the oldest cultural universals, respectively, has a rich and diverse modification. The way fire and its derived elements are used in the material culture of the Kazakh people has a rich history. A special function of the symbolic character of fire was exercised in rituals and ceremonies that functioned both as a verbal and nonverbal system of sacred communication.

Materials and research methods

The study was conducted using ethnographic material of the peoples of Central Asia, focusing on ritual practice and folklore. To address the little known or unanswered questions about fire and its derivatives, the authors use material on the Kazakh people as well as a wide range of materials describing similar representations around the world. The systematic approach helps to examine fire and its derivatives in the context of the material and spiritual culture of the Kazakh people. The main research methods were structural-functional, historical-cultural, semiotic and complex methods of cross-cultural analysis.

Research degree of the topic

In his work on early forms of religion, S.A. Tokarev has studied the cult of fire among many peoples; he believes that there is no common idea about the origin of the cult, only that fire appears in some form (Tokarev, 1990). Among Turkic peoples, it is more prominent as a hearth cult associated with ancestor worship. Among the Altai peoples, on the other hand, it is directly represented as the mistress of the hearth, something like the spirit of the house, and has no reference to the deceased ancestors of the family. L.J. Sternberg believes that the cult of fire is related to the emergence of tribal relations in which women were the guardians of the hearth, so that in most cases its image is associated with a woman or an older woman (Sternberg, 1936: 369). The Turks call her *ot-ana*, which means mother-fire.

Researchers have not separately elucidated the rituals with fire. But as a part of ritual practice or, so to speak, everyday practical magic, it is partially considered in several works devoted to the traditions and culture of the Kazakh people (Toleubayev, 1991), (Tokhtabayeva, 2017). Several works on the peoples of Central Asia deal with the use of fire in rituals and daily life (Abramzon, 1990), (Snesarev, 1969). Fire rituals also occupy a special place among the Turkic peoples of South Siberia (Direnkova, 1940), (Potapov, 1969).

The use of fire in ritual practices is also widely known in other cultures, for example, Mircea Eliade mentions the special state of “possession of fire” that is common to many mystics, shamans, and their followers worldwide (Eliade, 1957: 92-95). Mircea Eliade mentions the importance of “cosmization” of unknown territories, thus setting of fire associated with the “cosmogonic” creation of the world (Eliade, 1959).

Modern researchers have looked at the psychological state experienced by participants in various purification rituals, such as walking over glowing coals (Ilimbetova, 2022: 25-33). The authors believe that participation in such practices provides a sense of social inclusion (Fischer, Xygalatas, 2014). In this case, although the authors do not refer to B. Malinovsky’s functional theory, they clearly do not emphasize the mystical properties of fire as a purifying element, but rather its psychological functionality within the social group in question.

Richard K. Payne, in his writings on Buddhist and Hindu ritual practices, compares fire in the Homa rituals to the god Agni, all traditions in which fire is used to make offerings to the gods, as a process of purification by fire before sacrificing to the gods. Fire itself is seen as an agent of a deity who purifies the offering from the impurity of the human world (Richard K. Payne, 2015: 2). Interestingly, the purpose of this ritual can be diverse, one of the most common is purification from all kinds of negativity. Therefore, the main functions of fire are to purify all kinds of negativity and impurities.

As a result of synthesis of various religious and cultural ideas, forgetting and imposition of new interpretations, the original code of the subject world, prohibitions and beliefs loses its sacral functions, and the main elements of the traditional worldview no longer carry the meaning, become relics of an unreasonable past. The questions of particular relevance relate to the study of the code system of traditional Kazakh culture, practiced in various customs, rites, rituals, representations, inherited household objects and venerated sacred objects. A research task is to understand the meaning and significance of the universal symbols that manifest themselves in a variety of cultural artifacts.

In the framework of this research, the authors would like to consider not only fire itself but also its derivatives, such as soot and ash, in the ritual practice of the Kazakh people, in order to determine its sign content and ritual functions.

Analysis

Fire as a symbol of purification. Among ancient cults, fire takes prominent place in Zoroastrian religion. It is not an object of worship. Fire is an image of the God Ahura Mazda on the earth. Fire in Zoroastrian religion was an instrument of determining guilty, thus was a symbol of innocence and purity. Fire itself has different epithets, one of it is a destroyer of the

impure, but it is prohibited to burn anything in sacred fire. The Zoroastrians do not use fire in their rituals to purify anything, and the Mobeds (Zoroastrian priests) cover their mouths with a veil so that their breath does not contaminate the sacred fire. Although the Kazakh people and the Central Asian peoples were under the influence of Indo-Aryan tribes, the fire rituals practiced in Central Asia have no direct relation to the Zoroastrian faith. We can clearly see that fire itself is associated with purity. It is sacred and must be protected from pollution. In the life of the Kazakhs or other Central Asian peoples, fire has exactly these purifying properties and serves to free people or other things from evil influences. At the same time, it is also forbidden to pollute the fire.

The Turks believed that fire could purify evil and evil thoughts. This belief is reflected in the records of Plano Carpini and William of Rubruck from the Middle Ages, in which they describe the ideas and ritual practises of the Comanians: “And in short, they believe that everything can be purified by fire; so when ambassadors or nobles come to them or to any person, they and the gifts they bring must pass between the two flames to be purified, so that they do not bring anything poisoned or evil” (Shastina, 1957: 31). The Kazakhs have maintained this tradition in seasonal grazing. Thus, the nomads drive their cattle between two campfires to purify them from the influences of evil. Ch.Ch. Valikhanov wrote that during wintering they passed between two fires with all the cattle and people (Valikhanov, 1986: 303). It is interesting to note that a horse does not have to go through these fires. In the Kazakh culture, the horse is a sacred animal. It is believed that it was made of heavenly fire; therefore it is pure and cannot be influenced by evil things (Naurizbaeva, 2021: 21).

The Kazakh people are a descendant of both Turkic and Indo-Iranian cultures. In general, the mythopoetic thinking of the Kazakhs is based on their mythology. Therefore, some pre-Islamic traditions that still exist in daily practice are very deeply rooted, especially taboos related to fire.

Since ancient times, throughout the world, certain diseases and ailments that had no explanation attributed to the evil eye and the influence of evil spirits and tried to neutralize with various amulets, spells and purifying rituals. Among such rituals, purification by fire occupies a prominent place in the culture of Central Asia. Ethnographic information on Central Asia provides extensive material on the practice of purification by fire among the Turkic peoples. People rely on purifying fire properties in the ritual “*alas*”, which is still widely used. In case of any ailment, if the intended business does not go smoothly, some obstacles prevent the implementation of a particular business. Kazakhs use the power of fire, and resort to the following practice: take a piece of fire or matches and ignite it around the person, saying: “*Alas, alas, alas! Jala baleden kalas!*” That means getting rid of all problems and adversities. This ritual can be used not only to purify a person but to purify the room or any other objects as well. Kazakhs also use fire at the first placing of the child in the cradle. Kazakhs purify the cradle with fire or burn it in several places with a hot iron (Shulembayev, 1975: 10). In Khorezm and Biruni, if anyone leaves home for a long time, on their return they should step over and go around the fire; if after a long journey they feel sick and cleansed by fire (Snesarev, 1969: 189). In addition to the fire purifying rites, it is performed occasional fire cleansing ceremonies in daily life. In Khorezm, people held desecrated dishes over the

flame of fire, after which it could be used again. For example, in the vicinity of Shavat and other places, there was a custom to bring dishes that became haram (sacred unclean) to the fire so that its flame, according to the words of informants, “licked” the inner part of the vessel (“otga yalatadi”) (Snesarev, 1969: 191). Another example of purification with fire can be mentioned in the wedding rites of the Uzbeks. The bride can be bewitched by anyone on her way to the groom’s house, and to avoid any kind of evil influence, the chariot in which she sits must pass over a flame (Snesarev, 1969: 81). Until the XX century, Turkmens practiced the ritual jump over the fire to purify themselves. This was usually done once a year in the month of Safar, in the month of Mered, or on the last day of the year. Somehow the fire purification practice became mixed with the Islamic calendar.

Fire is a common symbol of “purification” in religious ideas about post-mortem court. Of course, unlike the Central Asian practices, it is about posthumous purification, but the concept of purifying force of fire is widespread worldwide. In many cultures and religions, burning was the only way to purify and reincarnate the soul. For example, the idea of hellfire in Christianity and Islam, where sinners purge from sins, and cremation as a way of purification. In Hinduism cremation is the only way of liberation from the temporal body. Different concepts of posthumous life have created different attitude to the cremation. Fire is one of the archaic universals that symbolizes spiritual cleansing.

Fire is the symbol of well-being. Fire as the producing and multiplying element.

Few, but still, there are examples where fire has a producing and multiplying property. The term “otau” in the Kazakh language means family, Kaskabasov offers the following etymology – “ot alu” to “take a fire” and is related to the tradition of taking the fire from the hearth of the genus at the resettlement of the genus (Kaskabasov, 1972: 74). When the sons of a family marry and establish their own house, they take a fire from the hearth of the paternal house, symbolizing the continuity of the genus.

